



**«Samruk-Green Energy»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Жарғысы**

**Алматы, 2015 ж.**

## **1-бап. Жалпы ережелер**

1. «Samruk- Green Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі -Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамаларын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік–құқықтық актілерін, осы Жарғыны басшылыққа ала отырып (бұдан әрі - Жарғы) сәйкес құрылды.

2. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы (бұдан әрі – Қатысушы) болып табылады:

- **«Самрук-Энерго» акционерлік қоғамы** (занда тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы қуәлігі 26877-1910-АО, 10.05.2007жылы берілген), мекен–жайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, банктік деректемелер: СTH 620 300 292 280, ЖСК KZ216010131000078623 «Народный банк Казахстана» АҚ–ның Алматы облыстық филиалы №139900, БСН 960941000145, БСК HSBKKZKX.

3. Серіктестіктің толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Samruk-Green Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

2) орыс тілінде: товарищество с ограниченной ответственностью «Samruk-Green Energy»;

3) ағылшын тілінде: «Samruk-Green Energy» Limited Liability Partnership.

Серіктестіктің қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Samruk-Green Energy» ЖШС;

2) орыс тілінде: ТОО «Samruk-Green Energy»;

3) ағылшын тілінде: «Samruk-Green Energy» LLP.

4. Серіктестіктің орналасқан мекен–жайы (занда мекен–жайы): 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 181 «Б», 7 қабат, 704 офис.

5. Серіктестіктің қызмет ету мерзімі шектеусіз.

## **2-бап. Серіктестіктің мақсаты мен қызмет түрлері**

1. Серіктестік Қазақстан Республикасының және басқа елдердің аумағында өндірістік, комерциялық және делдалдық қызметті жүзеге асыру арқылы пайдалу мақсатында құрылды.

2. Серіктестіктің қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес келуі тиіс және мыналардан тұрады:

-жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін, дербес техникалық құрылғыларды, олармен өзара

байланысты және жаңартылатын энергия көздері объектілерін пайдалану үшін, технологиялық тұрғыда қажетті, тиісті инфрақұрылымы бар құрылыштарды жобалау және салу;

- жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру;

- жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, өндірілген электр энергиясына белгіленген тәртіpte, тарифтік есеп айырысуды жүзеге асыру, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарда тарифтерді негіздеу, келісу және/немесе бекіту;

- жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып өндірілген электр энергиясын тұтынушыларға сату;

- консалтингтік қызмет көрсету және оларды ұйымдастыру, жаңартылатын энергия көздері саласындағы ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарға қатысу;

- зандарда тыйым салынбаған және жарғыда көзделген қызметпен технологиялық байланысты өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру.

3. Тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленетін жекелеген қызмет түрлерімен Серіктестік арнайы рұқсат (лицензия) негізінде ғана айналыса алады.

4. Серіктестік лицензия алуға қажет қызметті жүзеге асыру мұндай лицензияны алған сәттен немесе онда көрсетілген мерзімнен бастап жүзеге асырылады, және қолдану мерзімі аяқталған мерзімнен бастап, егерде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше белгіленбеген жағдайда, тоқтатылады.

### **3-бап. Серіктестік заңды мәртебесі, құқықтары мен міндеттері**

1. Серіктестік мемлекеттік тіркеуге алынған кезде бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

2. Серіктестік қызметкерлерінің орташа жылдық саны үш жүз елуден асатын, немесе активтерінің жалпы құны жылына тиісті, қаржылық жылға респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген үш жүз жырыма бес мың есе айлық есептік көрсеткіштен жоғары ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

3. Серіктестік мөрі, мөртабаны, дербес тенгерімі, банктерде шоты, өзінің атауы орналастырылған бланкілері бар.

Серіктестіктің өз тауар ( фирмалық) белгісі, нышандық белгісі, үлгілері болуы мүмкін, олар Серіктестіктің Бақылау кеңесімен келісілгеннен кейін, Бас директормен бекітіледі және белгіленген тәртіpte тіркеледі.

4. Серіктестік қызметінің мақсатына жету үшін өз атынан мәмілелер жасауға, мұліктік және жеке мұліктік емес құқықтарды сатып алуға, жауапты болуға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

5. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде филиалдары мен өкілдіктерін ашуға, басқа да заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сонымен қатар ҚР колданыстағы заңнамаларына сәйкес, өзге де заңды тұлғаларының қатысушы болуға құқылы.

6. Серіктестік міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүліктерге жауап береді. Серіктестік мемлекеттің қарыздарына жауап бермейді. Мемлекет серіктестіктердің қарыздарына жауап бермейді.

Серіктестік қолданыстағы заңнамаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, өзінің Қатысушысының міндеттімелері бойынша жауап бермейді.

7. Серіктестіктің Қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, және Серіктестік жарғылық капиталына қосқан салымының құны шегінде Серіктестік қызметімен байланысты залалдар тәуекеліне жауапты болады.

8. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес, облигациялар және де құнды қағаздар шығаруға құқылы.

#### **4-бап. Серіктестіктің Жарғылық капиталы мен мұлкі**

1. Серіктестіктің Жарғылық капиталы Қатысушының жеке салымы негізінде құралған 3 363 804 348,88 (үш миллиард үш жүз алпыс үш миллион сегіз жүз төрт мың үш жүз қырық сегіз) тенге 88 тиын құрайды.

2. Серіктестіктің Жарғылық капиталының мөлшері Жарғы ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес өзгеруі мүмкін.

3. Серіктестіктің Жарғылық капиталының салымы ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жерді пайдалану құқығы, зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқығы және басқа мұлкі болуы мүмкін.

Салымды мүліктік емес жеке құқықтар немесе өзге материалдық емес иғіліктер түрінде салуға жол берілмейді.

4. Қатысушының шешімі бойынша, Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгеруі мүмкін.

- Серіктестіктің жарғылық капиталын көбейту жолдары:

- Қатысушы салған қосымша салымдар арқылы;

- Серіктестіктің өз капиталы, оның ішінде резервтік капитал есебінен;

- Серіктестік құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау арқылы.

- Серіктестіктің жарғылық капиталын, мемлекеттік тіркеуге алынған кездегі Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген мөлшелерден азайтуға жол берілмейді.

5. Серіктестіктің мұлкі Қатысушының жарғылық капиталға салған бастапқы жарнасынан, Серіктестіктің шаруашылық және кәсіпкерлік қызметінен түсken қосымша жарналарынан, табысынан, қарыз қаражатынан

және белгіленген тәртіпте сатып алынған басқа мүлік есебінен, сонымен қатар заңнамалармен тыйым салынбаған өзге көздерден құралады.

Серіктестік мүлкі оның теңгерімінде ескеріледі.

6. Серіктестіктің жыл бойындағы қызметінің нәтижелері бойынша алғынған таза табысты бөлу, Серіктестіктің Жалпы жиналышымен Серіктестіктің тиісті жылдағы қызмет нәтижелерін бекітуге арналған шешіміне сәйкес жүргізіледі.

## **5-бап. Серіктестіктің органдары**

1. Серіктестіктің органдары мыналар болып табылады:

- 1) Қатысуши – жоғары орган;
- 2) Қадағалау кеңесі – қадағалау органдары;
- 3) Бас директор – жеке атқарушы орган;

2. Серіктестік органдарының құзыretі, сонымен қатар олардың шешім қабылдау тәртібі, немесе Серіктестік атынан сөз сөйлеуі, Заңмен, басқа заңнамалық актілермен және Серіктестік Жарғысымен белгіленеді.

## **6-бап. Қатысуши**

1. Қатысуши құқылы:

1) Сәйкес заңнамалар және осы Жарғы орнатқан тәртіп бойынша Серіктестік жұмыстарын басқару;

2) Осы Жарғының 10-бабы орнатқан тәртіп бойынша Серіктестік қызметі жөнінде ақпарат алу, Серіктестіктің бухгалтерлік және басқа құжаттарымен танысу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қатысуши шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен табыс көру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестікте қатысуын тоқтату;

5) Серіктестіктің таратылу жағдайында өзінің қатысу үлесіне сәйкес кредиторларға төлемдерін жасаған соң қалған Серіктестік мүлкінің құнын немесе Серіктестік мүлкінің мұндай бөлігін бөліп алу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген басқа құқықтарда ие болу және бұл құқықтарды қолдану.

2. Қатысуши міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасының, осы Жарғының талартарын орындау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасы және осы Жарғы орнатқан уақыт, мөлшер және тәртіп бойынша Серіктестіктің Жарғылық капиталына салымдар салу;

3) Коммерциялық құпия болып белгілінген ақпаратты жарияламау.

3. Қатысушының ерекше құзыретіне жатады:

1) Жарғылық капиталының мөлшерін, мекен-жайын, аталуын өзгертумен және Жарғысының жаңа басылымының бектітілуімен қоса Серіктестік Жарғысын өзгерту;

2) Серіктестік қызметінің басты тармақтарын белгілеу;

3) Серіктестіктің даму стратегиясын, даму жоспарын, даму стратегиясының және даму жоспарының орындалу мониторингін бекіту;

Серіктестіктің Қадағалаушы Кеңес мүшелерін, Төрағасын және (немесе) тексеріс комиссиясын (текскруші) сайлау, сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау және уақыты келгеннен бұрын өкілеттігін тоқтату, сыйақыларын және өтемдерін төйлеуін анықтау, Серіктестіктің тексеріс комиссиясының есептерін бекіту;

4) Серіктестіктің Бас директорын белгілеу, өкілеттік мерзімін анықтау және уақыты келгеннен бұрын өкілеттігін тоқтату;

5) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімдік басқаруға тапсыру туралы шешім қабылдау және мұндай тапсырудының шарттарын анықтау;

6) Серіктестіктің Бас директорының және Бас директорының орынбасарларының лауазымдық жалақы мөлшерлерін, еңбекақы шарттарын және сыйақыларын анықтау;

7) Серіктестіктің Бас директорының және Бас директорының орынбасарларының уәждемелік негізгі әрекет көрсеткіштерін бекіту және оларды орындау мониторингін іске асыру;

8) Серіктестіктің Бас директорының және Бас директорының орынбасарларының басқа мекемелерде қызмет атқару мүмкіндіктері жөнінде шешім қабылдау;

9) Серіктестіктің жылдық қаржы есептемесін бекіту;

10) Есептік қаржылық жыл бойынша Серіктестіктің таза табыс үлестірімінін ретін бекіту;

11) Ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарды орнату, бұларға Серіктестік Жарғысымен құзыреті басқа органдарға жүктелген құжаттар жатпайды;

12) Серіктестікті қайта құрастыру және тарату;

13) Тарапту комиссиясын және тарату тенгерімін орнату;

14) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілдікке салу;

15) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерде, акционерлік қоғамдарда және коммерциялық емес мекемелерде қатысу жөнінде және, заңнамада басқаша болып орнатылған жағдайлардан басқа, акцияларын (қатысу үлестерін) басыбайлы беру жөнінде шешім қабылдау;

16) Серіктестік облигацияларын шығару тәртібі мен шарттарын бекіту;

17) Серіктестік мүлкіне заңнаманың 39-бабына сәйкес қосымша

салымдар салу;

18) Серіктестік қызметі туралы Серіктестік қатысушыларына және Серіктестік үлестерін иеленушілеріне ақпарат беру тәртібін және мерзімін орнату;

19) Серіктестік Қатысушысы орнатқан Серіктестік жұмыскерлерінің лауазымдары тізімін бекіту;

20) Серіктестік жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және лауазымдары мен кадрлық резервтеріне сәйкес аттестаттау шарттары мен тәртібін орнату, сонымен қатар міндегі түрде аттестаттауға жататын жұмыскерлер тізімін бекіту;

21) Серіктестіктің кадрлық саясатын орнату;

22) Бекітілген штаттық санға сәйкес жұмыскерлердің жалпы санын, Серіктестіктің ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесін, тексеріс комиссиясы мен Қадағалаушы кеңестің штаттық кестесінен басқа, бекіту;

23) Әкімшілік аппаратты орналастыру үшін аудан нормалары мен қызмет жөніл көліктерінің нормативтерін анықтау;

24) Серіктестіктің қызмет бабындағы іссапарларға жіберілген жұмыскерлерінің шығыстарын өтеу шарттары мен тәртібін орнату;

25) Серіктестік қаражаты есебінде жұмыскерлерге ұялы желіні қолдану мүмкіндігі және өкілдіктік шығыстардың лимиттері берілген кезде өтелетін шығыстардың лимиттерін анықтау;

26) Серіктестікті корпоративтік басқару Кодексін және өзгертулер мен толықтыуларды бекіту;

27) Серіктестіктің Қадағалаушы кеңесі жөніндегі Қагиданы бекіту;

28) Серіктестік қызметі бойынша Қадағалаушы кеңестің қызметі бойынша есеп те кіретін жылдық есепті бекіту;

29) Осы Жарғы мен заңнама бойынша Қатысушы құзыретіне жататын өзге сұрақтар.

4. Серіктестік Қатысушысының Серіктестік қызметіне қатысты кез келген сұрақты қарастыруға құқығы бар.

5. Серіктестік Қатысушысы өз құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді Қадағалаушы Кеңеске және/немесе Серіктестіктің Бас директорына тапсыруға құқылы.

6. Қатысушы Қадағалаушы Кеңестің және Бас директордың Серіктестіктің ішкі қызметімен байланысты кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

## **Статья 7. Қадағалаушы кеңес**

1. Қадағалаушы кеңес Серіктестіктің атқарушы органының қызметін қадағалайтын орган болып табылады және өз қызметін заңнамаға, осы Жарғыға

және Қатысушы бекіткен Қадағалаушы кеңес жөніндегі қағидаға сәйкес ұйымдастырады.

2. Қадағалаушы кеңестің ерекше құзыреттілігіне жататын мәселелер:

- 1) жылдық қаржылық есепті алдын ала бекіту;
- 2) бас директордың орынбасарларын және бас бухгалтерді тағайындау (қабылдау туралы), басқа жұмысқа ауыстыру, лауазым атауын өзгерту және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдау;
- 3) серіктестік өкілдерін және бөлімшелер басшылары лауазымына тағайындауды және орнынан босатуды қарастыру;
- 4) Серіктестік қызметін ұйымдастыру мақсатында, атқарушы органмен және Қатысушымен бекітілетінін қоспағанда, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;
- 5) серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың және коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысу туралы мәселені алдын ала келісу;
- 6) серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдауға және олар туралы Ережені бекіту;
- 7) қызметтік, коммерциялық немесе заң бойынша қорғалатын құпияны, Серіктестік және оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 8) серіктестік қызметкерлерінің еңбек ақысын төлеу ережесін бекіту;
- 9) серіктестіктің есептік саясатын бекіту;
- 10) серіктестіктің бас директоры орынбасарларының лауазымдық ақыларының мөлшерін және еңбек ақы төлеу шарттарын анықтау;
- 11) серіктестіктің қызметкерлерінің басқару лауазымдарының тізімін анықтау және бекіту, сонымен қатар еншілес және тәуелді занды тұлғалар, Серіктестіктің Бақылау кеңесімен бекітіледі немесе келісіледі;
- 12) серіктестіктің Қадағалаушы кеңесімен бекітілетін ішкі құжаттар тізімін анықтау;
- 13) нәтижесінде құны серіктестік активтері құнының жалпы мөлшерінің отыз бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті, Серіктестік сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруға мүмкін) мәмілелер, немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім қабылдау;
- 14) серіктестіктің жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару және/немесе оны сатып алу бойынша мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
- 15) Құны жалпы активтердің бағасы мөлшерінен екі және одан да көп пайыз құрайтын Серіктестің жылжымалы мүлігін кепілдікке салу жөнінде шешім қабылдау;
- 16) қауіп-қатерге басшылық ету саясатын бекіту;
- 17) серіктестіктің жалпы қауіп-қатер тізімін бекіту, болатын әр қауіп-қатерге қатысты және деңгейіне шектеу жасау үшін, шектеу орнату, қауіп-қатер

көрсеткіштерін бекіту;

18) серіктестік өз қызметін атқару кезінде кезігетін тәуекел картасын және регистрін өндіру;

19) серіктестіктің қауіп-қатерге басшылық ету жүйесінің және ішкі бақылаудын реттейтін құжаттарын бекіту;

20) тоқсан сайын Серіктестіктің қауіп-қатерге басшылық ету жүйесінің нәтижелі көрсеткіштерін бекіту және тәуекелге басшылық ету жүйесінің нәтижесіне баға беру;

21) Серіктестіктің еншілес және басыбайлы ұйымы болып табылатын, он және одан да көп акциялар пайызы Серіктестіктің иелігіне жататын, заңды тұлғаның жалпы акционерлер жиналышының құзыретіне жататын келесі әрекеттер бойныша шешім қабылдау (бұдан былай -ЕБҰ):

21-1) ЕБҰ Жарғысына өзгертулер және толықтыулар енгізу, оның жарғылық капиталының мөлшерін, мекен-жайын, заңды аталуын өзгертумен қоса, және Жарғыны жаңа басылымда бекіту;

21-2) ЕБҰ негізгі қызмет бағыттарын анықтау;

21-3) ЕБҰ даму стратегиясын, даму жоспарын бекіту және даму стратегиясы мен жоспарының іске асырылу мониторингін жасау;

21-4) Қадағалаушы кеңестің және Төрағасының Сандық құрамын, қызмет ету уақытын анықтау, сайлау және уақыты келгеннен бұрын құзыретінен босату, жалақыларын және өтемдерін төлеу тәртібін анықтау;

21-5) ЕБҰ Бас директорын белгілі уақытқа орнату және уақыты келгеннен бұрын босату, лауазымдық жалақасының мөлшерін, еңбекақы және сыйақы шарттарын бекіту, ЕБҰ Бас директоры үшін мотивациялық негізгі қызмет көрсеткіштерін бекіту және оларды іске асырылу мониторингін жасау, ЕБҰ Бас директорының басқа ұйымдарда жұмыс атқаруы жөнінде шешім қабылдау;

21-6) ЕБҰ немесе ЕБҰ мүлкін сенімдік басқаруға тапсыру және мұндағы таспсыру шарттары, ЕБҰ барлық мулігін кепілдікке салу жөнінде шешім қабылдау;

21-7) ЕБҰ жылдық қаржылық есептемесін бекіту;

21-8) Жылдық қаржылық жыл бойынша ЕБҰ таза табысын келістіру тәртібін бекіту, ЕБҰ қызметі бойынша қызметі бойынша жылдық есепті бекіту;

21-9) ЕБҰ қайта құрастыру және ликвидация жөнінде шешім қабылдау, ликвидация комиссиясын және ликвидация балынсын орнату;

21-10) ЕБҰ басқа шаруашылық серіктестіктерінде, акционерлік қоғамдарда және коммерциялық емес ұйымдарда қатысу және, заңнамада анықталған жағдайлардан басқа, акцияларын (қатысу үлестерін) бөліп алу жөнінде шешім қабылдау;

21-11) ЕБҰ жалпы жұмыскерлер санын, ұйымдастыру құрылымын және штаттық кестесін бекіту;

21-12) ЕБҰ корпоративтік басқару Кодексін және оған өзгертулер мен

толықтыруларды бекіту;

21-13) ЕБҰ Қадағалаушы кеңес жөнінде қағиданы бекіту;

21-14) ЕБҰ аудитын жасайтын аудиторлық үйымды және төлем мөлшерін анықтау;

21-15) ЕБҰ облигацияларын шығару шарттарын және тәртібін белгілеу;

21-16) Заңың 39-бабымен сәйкес ЕБҰ мүлкіне қосымша салымдар салу;

21-17) Әкімшілік аппаратты орналастыру үшін қызмет жеңіл көліктерінің және аудандардың нормативтерін анықтау;

21-18) Қызмет іссапарларына жіберілетін ЕБҰ жұмыскерлеріне шығыстарын етеу шарттарын анықтау;

21-19) Жұмыскерлерге ұялы телефондарды қолдану мүмкіндігі берілген кезде ЕБҰ қаражатынан өтелетін шығыстардың және өкілдік шығыстардың лимиттерін анықтау;

21-20) Ішкі ережелерді, оларды іске асыру әрекеттерін және Жарғы бойынша басқа органдарға жатқызылмаған ЕБҰ ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарды бекіту;

22) ЕБҰ жалпы қатысушылар (акционерлер) жиналысында қарастырылатын және Қадағалаушы кеңестің құзыретіне жатқызылған мәселелер ЕБҰ шешімі және позициясы ретінде жалпы қатысушылар (акционерлер) жиналысына ұсынылады;

23) Серіктестік аудитын жасайтын аудиторлық үйымды және төлем мөлшерін анықтау

24) Серіктестік Қатысушысының құзыретіне жатпайтын, заңнамамен және Жарғымен қарастырылған басқа да мәселелер.

3. Қадағалаушы кеңестің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер, Серіктестіктің Бас директорына шешуге беріле алмайды.

4. Қадағалаушы кеңес, Жарғыға сәйкес Серіктестіктің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Серіктестіктің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайши келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жок.

5. Серіктестіктің Қадағалаушы кеңесі Қатысушы белгілеген мөлшерде 5(бес) жылдан аспайтын уақытқа орнатылады. Серіктестіктің Бас директоры және Бас директордың орынбасарлары бір уақытта Қадағалаушы кеңес мүшелері бола алмайды.

6. Қадағалаушы кеңес құрамына сайланған тұлғалар, заңнамамен белгіленген болса, шексіз сайланған алады.

Қадағалаушы кеңестің және оның жеке мүшесінің құзыретінің уақыты Қатысушы жаңа Қадағалаушы кеңес мүшелерін бекіту туралы шешім қабылдаған кезден басталады.

7. Қатысушы уақыты келгеннен бұрын барлық немесе жеке Қадағалаушы кеңес мүшелерін босатуға құқылы.

8. Қадағалаушы кеңесті Төраға басқарады. Қадағалаушы кеңесті Төрағасын Серіктестік Қатысушысы таңдайды.

9. Қадағалаушы кеңестің Төрағасы заңнама және Жарғы белгілеген тәртіп бойынша:

1) Қадағалаушы кеңестің жиналыстарын ұйымдастырады;

2) Қадағалаушы кеңестің жұмысын ұйымдастырады, жиналыстарын өткізеді;

3) Қадағалаушы кеңестің жиналыстарында протокол дайындайды;

4) Серіктестік атынан Бас директормен Қатысушы белгіліген лауазымдық жалақымен жұмыс шартын дайындайды. Сонымен қатар, жұмыс шарты Бас директордың ақшалай-заттай көтермелесуі Серіктестік қызметіне және бағдыраламаны іске асыруға тікелей тәуелді екенін анықтау қажет.

10. Қадағалаушы кеңестің Төрағасы жоқ болған кезде оның қызметін Қадағалаушы кеңес шешімі бойынша Қадағалаушы кеңестің мүшесі атқарады.

11. Қадағалаушы кеңестің әр мүшесінде бір дауыс болады. Қадағалаушы кеңес мәселелері бойынша шешімдер дауыс көпшілігімен анықталады. Дауыстар теңдігі кезінде шешімді Төраға қабылдайды.

12. Қадағалаушы кеңес жиналыстары Төраға, Қадағалаушы кеңес мүшелері, Бас директор және Серіктестік Қатысушысы бастамасымен ұйымдастырылады.

13. Қадағалаушы кеңес жиналысын өткізу жөнінде сұраныс Қадағалаушы кеңес Төрағасына ұсынылатын күн тәртібі кіретін хат жіберілу арқылы іске асырылады.

Төраға Қадағалаушы кеңес жиналысын сұраныс түскен сәттен 10(он) күн аспайтын уақытта өткізу керек.

14. Қадағалаушы кеңес жиналыстары тоқсанына бір реттен көп өткізілу керек.

15. Қадағалаушы кеңес мүшесі Төрағаны алдын ала жиналыска келе алмайтыны туралы жазбаша түрде хабардар ету керек.

16. Қадағалаушы кеңес жиналыста сайланған тұлғалардың жартысы болса шешім қабылдауға құқылы.

Егер саны жеткіліксіз болса, шешімді Қатысуша қабылдайды.

17. Қадағалаушы кеңес шешімдері протоколмен бекітіледі, және бұл протоколды жиналыста төрағалық еткен тұлға, жиналыска қатысқан Қадағалаушы кеңес мүшелері, Қадағалаушы кеңес хатшысы жиналыс уақытынан үш күн ішінде бекіту керек. Протоколда болу қажет:

1) Серіктестіктің атқарушы органының толық аты және мекен-жайы;

2) жиналыс өткізілген жер, күн, уақыт;

3) жиналыска қатысқан тұлғалар туралы мәлімет;

4) жиналыстың күн тәртібі;

5) сайлауға ұсынылған мәселелер және сайлау нәтижелері;

6) қабылданған шешімдер;

7) Қадағалаушы кеңес шешімі бойынша басқа мәліметтер.

18. Теріс дауыс берген немесе дауыс бермеген жиналыс қатысушысы кейін жазбаша түсініктеме беруі тиіс. Мұндай түсініктемені хатшы протоколға кірістіреді.

19. Қадағалаушы кеңес Төрағасының шешімі бойынша қойылған мәселелер бойынша сырттан сайлау өткізілу мүмкін.

Қадағалаушы кеңес шешімдері протокол ретінде және протоколға кірістірілетін кеіес мүшелері қол қойған бюллетенъдер түрінде беріледі. Протоколға Қадағалаушы кеңес Төрағасы және хатшысы қол қояды.

20. Қадағалаушы кеңес жиналыстарының протоколдары Серіктестік мұрағатында сақталады.

21. Қадағалаушы кеңес хатшысы Қадағалаушы кеңес мүшесінің сұранысы бойынша танысу үшін сайлау нәтижесінде қабылданған Қадағалау кеңесінің шешімін, жиналыс протоколын, хатшаның қолы және Серіктестік мөрі бар протоколдың үзінді көшірмесін беру қажет.

## **8-бап. Бас директор**

1. Бас директор Серіктестіктің бірінші басшысы болып табылады, және Серіктестіктің қызметіне басшылық етеді.

Бас директор Серіктестіктің және оның барлық қатысушылары мүддесі үшін қызмет етуге міндетті. Бас директордың негізгі басты ұстанымдары: қесіптілік, ақылдылық және байыптылық, адалдылық және парасаттылық.

2. Серіктестіктің Бас директорының құзыретіне, Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын, Серіктестік қызметін қамтамасыз етуге қатысты заңнамаларда, Жарғыда, Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген барлық мәселелер жатады, атап айтқанда:

1) Заңнамаларда және Серіктестіктің жарғысында көзделген тәртіpte Серіктестік атынан мәмілелер жасау;

2) Серіктестіктің Бақылау кеңесі және Серіктестік қатысушы бекітетін құжаттардан басқа, Серіктестіктің қызметін ұйымдастыруға бағытталған ішкі құжаттарды бекіту;

3) Бекітілген бизнес-жоспар, бюджет, даму жоспары аясында Серіктестіктің жылдық тауарларды, жұмыстарды және қызметті сатып алу жоспарын бекіту;

4) Серіктестіктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер қабылдау;

5) Қадағалаушы кеңеспен келісілгеннен кейін белгіленген тәртіpte, Серіктестіктің демеушілік (қайымдырық) көмек көрсетуі туралы шешім қабылдау;

6) Қадағалаушы кеңес мүшелеріне, оларға жүктелген функцияларды атқару барысында Серіктестік қызметі туралы, атап айтқанда, құпия сипаттағы ақпаратты жазбаша жауп алған сәттен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей уақытылы тапсыруды қамтамасыз ету;

7) Жалпы жиналыс және Қадағалаушы кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылмаған Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

4. Бас директор мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Серіктестікті басқарады;

2) Серіктестіктің атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасауда сенімхатсыз әрекет етеді, Серіктестік атынан өкілді ету құқығына, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхат береді;

3) Серіктестіктің құрылымдық бөлімдері жөнінде ережелер бекітеді;

4) Қадағалаушы кеңес қабылданған шешімдер негізінде, Серіктестік атынан Бас директордың орынбасарларының және бухгалтердің еңбек шарттарын жасайды, сонымен қатар оларды ауыстырады және жұмыстан босатады;

5) Бекітілген жалпы штат саны шегінде, Серіктестіктің директорының орынбасарларын қоспағанда, қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға көтермелей шаралары мен тәртіптік жаза қолданады, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін белгілейді, Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының және Серіктестіктің штаттық кестесіне сәйкес, жалақыға дербес жүктемелердің мәшелерін белгілейді, Серіктестіктің Бас директорының орынбасарларын қоспағанда, қызметкерлердің сыйлықақысының мөлшелерін белгілейді;

6) Бас директоры орынбасарларының арасындағы жауапкершіліктерін, міндеттерін және құзыреттілік бағытын анықтайды;

7) Серіктестіктің жұмыс режимін белгілейді;

8) Серіктестіктің ағымдағы және келешектегі жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

9) Ушінші жақтармен байланысқа түсү кезінде Серіктестік атынан әрекет етуге сенімхаттар береді;

10) Серіктестіктің даму стратегиясын, даму жоспарын, негізгі қызмет көрсеткіштерін және олардың мәндерін, Серіктестіктің үлесақылық саясаты жөнінде ұсыныстарды, Серіктестіктің басты қызмет бағыттарын бекіту;

11) Серіктестік ресурстарын тиімді пайдалану;

12) Серіктестіктің даму стратегиясы, даму жоспары, негізгі қызмет көрсеткіштері және олардың мәндері, Серіктестіктің үлесақылық саясаты жөнінде ұсыныстар, Серіктестіктің басты қызмет бағыттары жөнінде Қатысуышыға есептер тапсыру;

13) Серіктестік қызметіндегі өзгертулер туралы Қатысуышыға және

Қадағалаушы кеңеске мәлімет беру;

14) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептемесін, аралық қаржылық есептемесін және жыл бойынша қызмет есебін дайындау;

15) Серіктестіктің ұйымдастыру құрылымын және штаттық кестесін дамытып, ұсыныстар беру;

16) Қадағалау кеңесімен келісілігеннен кейін, Серіктестіктің бөлімшелері мен өкілдіктерінің, еншілес ұйымдарының басшыларын қызметке тағайындауды, және атқарып отырған лауазым тұлғаларды босатады

17) бұйрықтар мен қаулылыр шығарады, Қатысуши мен Қадағалаушы кеңестің құзыретіне жатпайтын Серіктестіктің барлық мәселелері бойынша нұсқаулар береді;

18) Серіктестіктің нәтижесінде жалпы құны екі пайыздан аспайтын үлес берілетін немесе қабалданатын мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелерге қатысу жөнінде шешім қабылдайды;

19) Серіктестіктің банк шоттарын ашады;

20) жылдық қаржылық есептемені тексеретін аудиторлық ұйымды қадағалайды;

21) Соттың және төрелік соттың іс қарауына Серіктестік атынан қатысады және іс қозғайды;

22) Серіктестік қызметі жөнінде Қадағалаушы кеңес мүшелеріне сұраныстағы ақпаратты, сонымен қатар құпия ақпаратты, жазбаша ұсыныс алғаннан кейін он күн өтпей тұрып беру;

23) ҚР заңнамасы бойынша Қызмет, коммерциялық немесе басқа құпия болып табылатын Серіктестік ақпаратын қорғау және сақталуын қамтамасыз ету;

24) Қатысуши немесе Қадағалаушы кеңес бекіткен құжаттар бойынша корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экология, еңбек қорғау және қауіпсіздік салаларында Серіктестік қызметін қамтамасыз етеді;

25) ҚР заңнамасымен немесе осы Жарғымен Қадағалаушы кеңесінің немесе қатысушиның ерекше құзыретіне жатқызылмаған басқа әрекеттер

26) Серіктестіктің еншілес және басыбайлы ұйымы болып табылатын, он және одан да көп акциялар пайызы Серіктестіктің иелігіне жататын, заңды тұлғаның жалпы акционерлер жиналысының құзыретіне жататын келесі әрекеттер бойынша шешім қабылда

26-1) ЕБҰ қатысушиларына және үлескерлеріне ЕБҰ ақпаратын тапсыру тәртібін және уақытын бекіту;

26-2) орнатылуын Қатысуши шешетін ЕБҰ жұмыскерлер лауазымдары тізімін бекіту;

26-3) ҚР заңнамасы бойынша ЕБҰ жұмыскерлерінің алып жатқан лауазымына сәйкестікке тексеру үшін және кадрлық резервті құру үшін аттестациядан өту тәртібін және шарттарын бекіту, аттестациядан міндетті

түрде өтуі қажет жұмыскерлер тізімін бекіту;

26-4) ЕБҰ кадрлық саясатын бекіту;

3. Бас директордың қызметтері, құқықтары мен міндеттері осы Жарғымен, сонымен катар Серіктестікпен жасасатын еңбек шартымен белгіленеді.

4. Серіктестіктің Бас директорына тыйым салынады:

1) Қадағалаушы кеңестің келісімінсіз Серіктестікпен одан мүліктік пайда табуға, бағытталған мәмелелер ( сыйға тарту шартын, қарыз, қайтарымсыз негізінде пайдалану, сатып алу-сату және т.б. коса алғанда) жасауға;

2) Серіктестіктің өзінен де, сондай-ақ үшінші тұлғалармен жасасқан мәмілері үшін комиссиялық сыйақы алуға;

3) Серіктестікпен карым-қатынас жасауда, үшінші тұлғалар атынан немесе олардың муддесін көздел сөз сөйлеуге;

4) Серіктестік қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

Осы бұйрықтың 1)-4) тармақтарымен көзделген шектеулер Бас директордың жұбайына/зайыбына, барлық жоғары және төменгі тікелей туыстарына, сонымен катар бірге туған ағалары мен апаларына қолданылады.

Серіктестіктің Қатысуышы, осы баптың 4-тармағында көзделген тыйымдар бойынша, сотта Серіктестіктің Бас директорынан оның өзінің, немесе жоғарыда аталған туыстарының бұзушылықтары салдарынан Серіктестікке келтірғен шығынды қайтаруды талап етуге құқылы.

## **9-бап. Серіктестікегі сыртқы аудит**

1. Серіктестік Серіктестіктің жылдық қаржылық есебінің дұрыстығын, сонымен катар қазіргі жағдайын тексеру үшін, Бас директордың немесе Қадағалаушы кеңес мүшелерінің Серіктестіктің мүліктің муддесіне қатысы жоқ аудиторлық компанияны шақыртуға құқылы бар.

Серіктестіктің Қатысуышы өз есебі шегінде, Серіктестіктің қаржылық есебіне аудиторлық тексеріс жүргізуі талап етуге құқылы.

2. Егерде Серіктестіктің Қатысуышы аудиторлық тексеріс өткізуі талап етсе немесе ол міндетті түрде өткізілу керек болған жағдайда, Серіктестіктің Бас директоры Серіктестіктің қаржылық есебіне аудиторлық тексеру жүргізуге қарсы болса, мұндай тексеріс Серіктестік Қатысуышымен, немесе кез келген қызығушылық танытқанның өтінішімен, сот шешімі бойынша тағайындалуы мүмкін.

3. Серіктестік заңнамаға сәйкес есептің жүргізілу тәртібінің сақталуына және растылышына жауапкер.

## **10-бап. Серіктестіктің ақпаратты ашуы. Серіктестіктің құжаттары**

1. Серіктестік Қатысушысының жазбаша сұрауы бойынша, Серіктестіктің қызметі жөнінде Серіктестік Қатысушысының мүдделерін қозғайтын ақпаратпен хабардар етеді, сонымен қатар Қатысушысына Серіктестіктің бухгалтерлік және өзге құжаттамасымен танысуына мүмкіндік береді.

Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат, мына бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады: «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттері.

2. Серіктестіктің Бас директоры, Серіктестіктің Қатысушысын корпоративті дау бойынша сотта іс қозғалғаны туралы хабарлауға міндетті.

3. Сотта корпоративті дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат, Серіктестіктің Қатысушысына, Серіктестік корпоративті дау бойынша азаматтық іске қатысты тиісті хабарландыруды, немесе шақыртуды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей табыс етілуге тиіс.

4. Серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттар, ол жұмыс істелген бүкіл уақыт бойынша Серіктестіктің Бас директоры атынан өкілдік ететін оның атқарушы органдарының орналасқан жерінде Серіктестіктің сақтауына жатады.

Мына құжаттар сақтауга жатады:

- 1) Жарғы, Жарғыға енгізілінген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) Серіктестік органдарының хаттамалары, шешімдері, күн тәртібіндегі мәселелер өткені туралы куәлік;
- 3) Серіктестіктің занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден ( қайта тіркеуден) өткені туралы куәлік;
- 4) Серіктестіктің статистикалық карточкасы;
- 5) Серіктестіктің белгілі бір қызмет түрімен айналысу және (немесе) белгілі бір іс-эрекетті жасау үшін алыңған лицензиясы;
- 6) Серіктестіктің оның теңгеріміндегі (теңгерімінде болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
- 7) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
- 8) Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттар.

5. Өзге құжаттар, оның ішінде Серіктестіктің Қаржылық есептілігі, Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес берілген мерзім ішінде сақталады.

## **11-бап. Серіктестіктің қайта құрылуы**

1. Серіктестікті қайта құру (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу) Серіктестік Қатысушысының шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Үлесті иеліктен алу, немесе Серіктестікке қатысушылар құрамының өзгериуі, Серіктестікті қайта құру болып табылмайды.

2. Заңнамалық актілерде белгіленген жағдайларда, бөліну немесе оның құрамынан бір немесе бірнеше Серіктестіктердің бөлініп шығуы нысанында, Серіктестіктің қайта құрылуы, уәкілетті мемлекеттік органдар, немесе сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Заңнамалық актілерде белгіленген жағдайларда, бірігу немесе қосылу нысанында Серіктестіктің қайта құрылуы уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Қайта құрылған Серіктестіктің мүлкі оны тіркеген сәттен бастап, егер заңнамалық актілермен немесе қайта құру туралы шешіммен өзгеше көзделмесе, оның құқықтық мирасқорына өтеді.

## **12-бап. Серіктестікті тарату**

1. Серіктестік оның Қатысушысының шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

2. Сот шешімі бойынша Серіктестік мынадай жағдайда таратылуы мүмкін:

1) Банкротқа ұшырағанда;

2) Серіктестік құрылған кезде жіберілген жоюға келмейтін заң бұзушылықтарымен байланысты, Серіктестіктің тіркелгенін жарамсыз деп танығанда;

3) Қызметті тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) жүзеге асырғанда, немесе заңнамалық актілермен тыйым салынған қызметпен айналысқанда, не заңнаманы бірнеше мәрте, не өрекел бұзып жүзеге асырғанда;

4) Заңнамалық актілерде көзделген басқа жағдайларда таратылуы мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген негіздер бойынша, Серіктестікті тарату туралы талапты, егер заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, мүдделі тараптар сотқа бере алады.

4. Серіктестікті Серіктестік Қатысушысы тағайындастын тарату жөніндегі комиссия немесе сот таратады.

Сот шешімімен тарату жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру, Серіктестіктің өзіне, Серіктестіктің уәкілетті органына, Серіктестіктің құрылтай құжаттарын жоюға уәкілетті органға, немесе сот тағайындаған өзге органға (тұлаға) жүктелуі мүмкін.

## **13-бап. Серіктестіктің қызметін тоқтатуы**

1. Серіктестіктің қызметін тоқтатуға осы Жарғының 12 және 13-баптарында көрсетілген негіздерден басқа мынадай жағдайлар негіз болады:

1) егер жарғылық капиталдың азауы нәтижесінде оның мөшелері заңнамадан көзделген ең төменгі мөшелерден азаятын болса;

2) егер Қатысушы Серіктестік тіркелген сәттен бастап бір жылдың ішінде оның Жарғылық капиталын құрамаса.

2. Жарғылық капиталдың азауы нәтижесінде оның мөлшері заңнамада көзделген ең төменгі мөлшерден азайған жағдайларда, сонымен қатар Қатысушы, Серіктестік Жарғылық капиталын заңнамада белгіленген мерзімде құрамаған жағдайда, Қатысушы бір жыл ішінде жарғылық капиталға сәйкесінше қосымша салым салуға тиіс. Өзге жағдайда Серіктестік мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сот шешімімен таратылуға жатады.


#### 14-бап. Қорытынды жағдайлар

1. Егер Жарғы ережелерінің бірінің күші жойылса, онда ол қалған ережелердің заңдылығын қозғамайды. Жарамсыз ереже, құқықтық тұрғыдан мағынасы жуық ережемен алмастырылады.


2. Жарғы қолданылмайтын барлық іс-әрекеттерге, Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамалы актілерін қолданады.

3. Осы жарғы Серіктестік мемлекеттік қайта тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

«Samruk-Green Energy»  
ЖШС бас директоры



Ж.Моминбаев



**УТВЕРЖДЕН**  
решением Правления  
**АО «Самрук-Энерго»**  
от 10 апреля 2015 г.  
Протокол № 3



**Устав**  
**товарищества с ограниченной ответственностью**  
**«Samruk-Green Energy»**

г. Алматы, 2015 г.

## **Статья 1. Общие положения**

1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Samruk-Green Energy» (далее - Товарищество) создано в соответствии с законодательством Республики Казахстан (далее также законодательство), руководствуясь Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее – Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, настоящим Уставом Товарищества (далее - Устав).

2. Единственным участником Товарищества (далее – Участник) является:

**-Акционерное общество «Самрук-Энерго»** (свидетельство о государственной регистрации юридического лица 26877-1910-АО от 10.05.2007г.), место нахождения: г. Астана, проспект Кабанбай батыра, 17, банковские реквизиты: РНН 620 300 292 280, ИИК KZ216010131000078623 в АО «Народный банк Казахстана» Алматинский областной филиал №139900, БИН 960941000145, БИК HSBKKZKX.

3. Полное наименование Товарищества:

1)на государственном языке: «Samruk-Green Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

2)на русском языке: товарищество с ограниченной ответственностью «Samruk-Green Energy»;

3)на английском языке: «Samruk-Green Energy» Limited Liability Partnership.

Сокращенное наименование Товарищества:

1) на государственном языке: «Samruk-Green Energy» ЖШС;

2) на русском языке: ТОО «Samruk-Green Energy»;

3) на английском языке: «Samruk-Green Energy» LLP.

4.Место нахождения (юридический адрес) Товарищества: 050010, Республика Казахстан, город Алматы, улица Кунаева, 181 «Б», 7 этаж, офис № 704.

5. Срок деятельности Товарищества не ограничен.

## **Статья 2. Цель и виды деятельности Товарищества**

1.Товарищество создается для осуществления производственной, коммерческой и посреднической деятельности на территории Республики Казахстан и других стран с целью извлечения дохода.

2.Деятельность Товарищества должна соответствовать действующему законодательству Республики Казахстан и включает:

-проектирование и строительство объектов по использованию возобновляемых источников энергии, самостоятельных технических

устройств и взаимосвязанных с ними сооружений для производства электрической и (или) тепловой энергии с использованием возобновляемых источников энергии и соответствующей инфраструктурой, технологически необходимой для эксплуатации объекта по использованию возобновляемых источников энергии.

-производство электрической энергии с использованием возобновляемых источников энергии.

-обеспечение работоспособности (эксплуатация) систем для передачи электроэнергии, произведенной с использованием возобновляемых источников энергии, от места производства к распределительным системам.

- осуществление в установленном порядке расчета тарифа на электрическую энергию, произведенной с использованием возобновляемых источников энергии, а также обоснование, согласование и/или утверждение тарифов в уполномоченных государственных органах в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

-продажу электроэнергии потребителям, произведенной с использованием возобновляемых источников энергии.

-организация и оказание консалтинговых услуг, участие в научно-исследовательских и конструкторских работах в области возобновляемых источников энергии.

- осуществление иных видов деятельности, не запрещенных законами и технологически связанных с деятельностью, предусмотренной Уставом.

3.Отдельными видами деятельности, перечень которых определяется законодательством Республики Казахстан, Товарищество может заниматься только на основании специального разрешения (лицензии).

4.Право Товарищества осуществлять деятельность, на занятие которой необходимо получение лицензии, возникает с момента получения такой лицензии или в указанный в ней срок и прекращается по истечении срока ее действия, если иное не установлено нормативными правовыми актами Республики Казахстан

### **Статья 3. Юридический статус, права и обязанности Товарищества**

1.Товарищество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

2.Товарищество является субъектом крупного предпринимательства со среднегодовой численностью работников более двухсот пятидесяти человек или общей стоимостью активов за год свыше трехсотдвадцатипятисячекратного месячного расчетного показателя, установленного законом о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год.

3. Товарищество имеет печать, штампы, самостоятельный баланс, счета в банках, бланки со своим наименованием.

Товарищество может иметь свой товарный (фирменный) знак и символику, образцы, которых после согласования с Наблюдательным советом Товарищества, утверждаются Правлением Товарищества и регистрируются в установленном порядке.

